

Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 наурыздағы № 527 Жарлығы.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Жарлықтың күшін жою көзделген – ҚР Президентінің 18.09.2026 № 1469 (21.10.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы Жарлық 2013 жылғы 26 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметі
актілерінің жинағында жариялануға тиіс

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мына жарлықтарына өзгерістер енгізілсін :

1) күші жойылды - ҚР Президентінің 29.12.2015 № 152 Жарлығымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі);

2) "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 16 қарашадағы № 435 Жарлығына:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларда:

2-тармақ алып тасталсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. "Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 24, 173-құжат; 2011 ж., № 8, 95-құжат; 2011 ж., № 52, 710-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесінде:

мынадай мазмұндағы 62-1-тармақпен толықтырылсын:

"62-1. Егер бағалау қорытындылары бойынша бағаланып отырған мемлекеттік орган қызметінің тиімділік көрсеткіштері төмендегені, сондай-ақ сеніп тапсырылған саладағы (қызмет саласындағы) ахуалдың нашарлағаны анықталса, Сараптама

комиссиясы істің жай-күйіне бағалау жүргізілген орталық атқарушы органның тиісті мемлекеттік саяси қызметшісінің жауаптылығы туралы мәселені қарауға ұсыныс енгізеді."

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 29.12.2015 № 152 Жарлығымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Осы Жарлық 2013 жылғы 26 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н.Назарбаев.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2013 жылғы 22 наурыздағы
№ 527 Жарлығымен
бекітілген
Қазақстан Республикасы
Президентінің
2000 жылғы 21 қаңтардағы
№ 327 Жарлығымен
бекітілген

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметіне жыл сайынғы бағалау жүргізу және оларды аттестаттаудан өткізу қағидалары

Ескерту. Қосымшаның күші жойылды - ҚР Президентінің 29.12.2015 № 152 Жарлығымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК